

Айтмағанбет Үргенішбеков

Еліміздің техникалық бағыттағы ғылым саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, болашақ білікті инженер мамандарды даярлауға үлес қосып жүрген педагогтардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, техника ғылымдарының кандидаты Айтмағанбет Үргенішбеков.

Айтмағанбет Тұрсынбайұлы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің физика факультетінде білім алды.

Мұнан кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, факультет деканының орынбасары, тіркеуші офисінің бастығы, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, оқу ісі жөніндегі проректор-бірінші проректор міндетін атқарушы болып еңбек етті. Қазіргі уақытта «Математика және қолданбалы механика» кафедрасының доценті қызметін атқаруда.

Айтмағанбет Тұрсынбайұлы – 1 монография, 4 оқу құралы, 5 әдістемелік оқу құралы, 8 электрондық оқу құралы және 50-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

Сонымен қатар, педагог студенттердің және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына да жетекшілік жасайды. Шәкірттері халықаралық жарыстарға қатысып, жоғары нәтиже көрсетіп, дипломдармен марапатталған.

Ғалым кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп келеді. Тәжірибе алмасу мақсатымен шетелдерде, атап айтсақ, Гонгонг қаласында, Оңтүстік Корея және Сингапур елдерінде тағылымдамадан өтті.

Айтмағанбет Тұрсынбайұлы Білім және ғылым саласына қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Құрмет грамоталарымен, А.Байтұрсынов атындағы күміс медалімен, К.А.Тимирязев атындағы медалімен, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен, Қызылорда облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Алтын медалі және Алғыс хаттармен марапатталған.